# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №15 (1928) 22 СӘУІР 2024 ЖЫЛ




# ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер білім министрлері кеңесі өтті

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттердің білім министрлерінің VIII кеңесінің отырысына қатысты. Биыл ауқымды жиынға Ресей төрағалық етіп отыр.**

Халықаралық іс-шараға Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ресей Федерациясының ғылым және жоғары білім министрі Валерий Фальков, Ресейдің оқу-ағарту министрінің орынбасары Денис Грибов, ШЫҰ бас хатшысының орынбасары Нұран Ниязалиев, Үндістан, Иран, Қазақстан, ҚХР, Қырғызстан, Пәкістан, Тәжікстан, Өзбекстан және Беларусь сияқты ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер мен байқаушы елдердің бейінді ведомстволарының басшылары жиналды.

Кеңес отырысын Ресей Федерациясының ғылым және жоғары білім министрі Валерий Фальков құттықтау сөзбен ашты. ҒЖБМ басшысы өз сөзінде бүгінгі кеңес соңғы бес жылдағы ШЫҰ білім беру желісі бойынша жоғары деңгейдегі алғашқы іс-шара болғанын атап өтті.

Өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев екі елдің көпжылдық жемісті қарым-қатынасына тоқталды.

«1992 жылғы 22 қазанда Қазақстан мен Ресей арасында дипломатиялық қатынас орнатылды. 32 жыл бойы қос мемлекет түрлі бағыт бойынша бірлесіп жұмыс істеп келеді. Қазақстанда Ресей ЖОО-ларының жеті филиалы жұмыс істейді», – деді ректор.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# «Достық» орденімен марапатталды

**Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровтың жарлығымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Достық» орденімен марапатталды.**



Мемлекеттік награда Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін берілді. Айта кетейік, «Достық» ордені 2017 жылы тамыз айында Қырғызстан Президентінің жарлығымен бекітілген. Бірінші санаттағы мемлекеттік наградалар қатарына жатады.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ресейде өткен «Университеттер және болашақ» халықаралық форумына қатысып, баяндама жасады.**

# Ректор халықаралық форумда баяндама жасады



М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде ұйымдастырылған халықаралық жиында Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Иран, Мысыр, Индонезия және т.б. елдердегі ЖОО ректорлары, ғалым-сарапшылар бас қосты.

Іс-шараны өткізуге М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті мен Ресей ректорлар одағы мұрындық болды.

Халықаралық шарада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасап, университеттер болашақты қалыптастыруда, жаһандық мәселелер мен қазіргі заманның сын-қатерлерін шешуде маңызды рөл атқаратынын айтты. Жансейіт Қансейітұлы білім, ғылым және инновация арқылы ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтуге бүгінгі форум жұмысы мол мүмкіндік беретінін атап өтті.

Іс-шара соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев пен Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің ректоры Александр Безбородов ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

**Назерке АСХАТҚЫЗЫ**





2-бет

**Университетке автобус сыйлады**





3-бет

**«Абай жолы» арманына жеткізді**





7-бет

**Мерейімізді тасытқан студент-спортшылар**




№15 (1928) 22.04.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

# Университетке автобус сыйлады



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орай, ҚазҰУ Түлектер қауымдастығы президиумының мүшесі, «FalconEuroBus» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы Мұрат Әділханов оқу ордасына жаңа автобус сыйлады.**

Шарада ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, университет атынан меценат Мұрат Әділханұлына алғыс білдірді.

«Биыл университетіміздің құрылғанына 90 жыл толып отыр. Мерейлі жыл аясында университетте ауқымды іс-шаралар өтуде. ҚазҰУ ғалымдары, танымал түлектері 90 жылдыққа өз үлестерін қосуда. Университет атынан меценат түлегіміз Мұрат Әділханұлына алғыс айтамын», – деді ректор.

ҚазҰУ Директорлар кеңесінің және Түлектер қауымдастығының төрағасы Қайрат Мәми: «Алдарыңызда тұрған жаңа автобус ұстаздардың, жастардың игілігіне қызмет етсін. Түрлі конференцияларға, табиғат аясындағы демалыстарға осы көлікпен баратын боласыздар. Әрдайым өмірде, ғылымда жолдарыңыз болсын», – деп ыстық лебізін жеткізді.

ҚазҰУ-ға сыйға тартылған жаңа автобус оқытушы-профессорлар мен білім алушы жастардың іссапарларына пайдаланылатын болады. Бұл жайлы көлік университеттен тыс шараларға, яғни түрлі байқауларға, спорттық жарыстар мен фестивальдерге студенттердің баруына өте ыңғайлы.

Өз кезегінде Мұрат Әділханов сөз сөйлеп, жаңа автобус оқу ордасының игілігі үшін пайдаланылатынын атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетін 1994 жылы бітірген болатынмын. Бұл жоғары оқу орны менің жастығымның куәсі. Мұнда мен оқытушы-профессорлардың тәлімін алып, көп достармен таныстым. Сондықтан мен ҚазҰУ-ға мәңгілік қарыздармын. Қара шаңырақ оқу ордасына ризашылығымды жеткізу үшін арнайы автобусты сыйлап отырмыз», – деді меценат Мұрат Әділханұлы.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**





# Ортақ бағдарлама жүзеге асады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің делегациясы Ресейге жұмыс сапары барысында П.Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университетіне арнайы барды.**

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев пен Ресей халықтар достығы университетінің ректоры Олег Ястребов кездесуде әріптестік қатынастарды одан әрі арттыру бойынша пікір алмасты.

«Қос университет арасындағы байланыс қарқынды түрде дамып келеді. Мәселен, 2022-2024 оқу жылдарында ҚазҰУ-дың 144 студенті академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Ресей ЖОО-ларында оқыған болатын. Солардың қатарында П.Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті де бар. Ал осы жылдары РХДУ-дің 36 студенті ҚазҰУ-да оқыды. Алдағы уақытта оқытушылар мен білім алушы жастарды алмасу, халықаралық іс-шараларды өткізу, ортақ білім беру бағдарламасын жүзеге асыру, ғылыми мақалалар мен материалдарды бірлесіп дайындау жұмыстарын жүргізу қажет деп санаймын», – деді ректор.

Олег Ястребов оқу ордасына арнайы жұмыс сапарымен келгені үшін Жансейіт Түймебаевқа ризашылығын білдіріп, аталған бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

# Ғылыми-инновациялық қызметке талдау жасалды

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кезекті Ғылыми кеңесінде университеттің 2023 жылда атқарған ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметінің нәтижелері талқыланды.**



Басқарма мүшесі – ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова баяндама жасап, өткен жылда іске асырылған ғылыми бағыттарға тоқталды.

2023 жылы университет 376 жобаны жүзеге асырып, қаржыландырудың жалпы сомасы 9811,7 млн теңгені құрады. Көптеген жобалардың мерзімі 2025 жылға дейін жоспарланған. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылып жатқан жас ғалымдарға арналған «Жас ғалым» атты 17 жоба бар. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруы аясында 75 жоба жүзеге асырылуда. Мәселен, ғылыми жобаларды қаржыландырудың арқасында 2023 жылы 574 жаңа жұмыс орны ашылып, 8 патент пен 24 авторлық куәлік алынды. Мемлекет бюджетіне 1 миллиард теңгеден астам салық түсті.

Өткен жылы ҚазҰУ түрлі бағыттар бойынша қызметкерлерді кәсіби және қайта даярлау, біліктілігін арттыру мақсатында шетелдік белгілі университеттер және институттармен ынтымақтастық орнатып, бірқатар маңызды бірлескен ғылыми-инновациялық жобаларға қол қойды.

2023 жылы университет ғылыми журналдары Scopus халықаралық ДБ-ға енгізілді. ҚазҰУ оқытушылары мен ғалымдары ҚР ҒЖБМ КОКСНВО ұсынған журналдарда 629 мақала жариялады. Scopus дерекқорындағы дәйексөздердің үлесі мен саны бойынша өткен жылы химия және химиялық технология, биология және биотехнология, физика-техникалық факультеттері көш бастап тұр.

ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметінің қорытындылары туралы химия және химиялық технология факультетінің деканы Алина Галеева қосымша ақпарат берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ғалымдардың назарын ЖОО-да ғылыми-инновациялық қызметті табысты жалғастыру және іске асырудағы негізгі мәселелерге аударды.

Ғылыми кеңес соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтының аға әдіскері Сара Пермахан, Конфуций институтының директоры, филология ғылымының кандидаты Рахымжан Асылбеков, Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру департаменті директорының орынбасары Жәния Әбдиман, Коммерцияландыру кеңсесінің басшысы Гаухар Алмаз Солтүстік-батыс саяси ғылымдар және құқық университетінің «Достық және мәдени алмасу елшісі» сертификаттарымен марапатталды. Сондай-ақ Қытайтану кафедрасының профессоры, тарих ғылымының докторы Нәбижан Мұқаметханұлына ҚР Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі атағы берілді.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

# Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен серіктестік



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ресей Федерациясына жұмыс сапары аясында Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің ректоры Александр Безбородовпен кездесу өткізді.**

Кездесу барысында Александр Безбородов университеттің қызметі мен жоспарлары туралы айтып, ҚазҰУ мен Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың стратегиялық маңыздылығына назар аударды.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ілтипат білдіргені үшін Александр Безбородовқа ризашылығын білдіріп, бірқатар ұсынысын жеткізді.

«Университетімізде ғылымға ерекше көңіл бөлінеді. Біз білім мен ғылым саласында Ресей ЖОО-ларымен серіктестікті одан әрі дамытуға дайынбыз. Бүгінге дейін білім мен ғылым бойынша ҚазҰУ мен РМГУ арасында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылды. Дегенмен бұл жұмыстарды әрі қарай да күшейте беруіміз керек», – деді ректор.

Кездесуден соң Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ делегациясы Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің ғылыми инфрақұрылымымен танысып, зертханалар мен оқу корпустарын, музейді аралап көрді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

FARABI UNIVERSITETI – 90

**Биыл қасиетті білім ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 90 жыл толып отыр. Мен және жұбайым Теңдік Жауырұлы да осы университеттің 1957-58 жылдардағы түлегіміз. Көзі тірі болса, ол кісі де биыл 90-ға келер еді. Тауман Амандосов, Зейнолла Қабдолов сынды ғалымдардың шәкірті болған ол 30 жылдан астам аудандық және облыстық басылымдарға редакторлық етті.**

# «Абай жолы» арманыма жеткізді





1953 жылы мектеп бітіргеннен кейін менде үлкен мақсат пайда болды. Оған Мұхтар Әуезов атамыздың «Абай жолы» эпопеясы ықпал етті. Эпопеяны оқығанымда даңқты жазушыны, ұлы Мұхтардың өзін көру мен үшін арманға ұласты. Сөйтіп, ҚазМУ-ға оқуға түсуге бел будым. Конкурс өте үлкен: 150 үміткер құжат тапсырып отырмыз, ал оқуға алатыны – 25. Мен алғашқылардың бірі болып тізімге іліктім. Бір кереметі – Атырау елінің асыл азаматы Зейнолла Қабдолов ағай емтихан қабылдады, оған қоса, 10-сыныпта шығарма жазған тақырып келіп отыр. Мен «бес» алдым. Сонда Зейнолла ағайдың: «Шығарманы осылай жазу керек, ақ қағаздың бетіне әріпті маржандай түсіріп, көркем тілмен, қай жағынан алғанда да, кемшіліксіз жазып шығу керек», – дегені әлі есімде.

Бізге университет қабырғасында мамандығымызға сай, қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің білгірлері сабақ берді. «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең сұлуы» деп баға беріп, білім-ілім үйреткен профессор, атақты Мәулен Балақаев, профессор, біздің кураторымыз болған Бейсенбай Кенжебаев, профессор Есмағамбет Ысмайловтардың есімін құрметпен еске аламын. Бұл ұстаздар жөнінде ерекше ілтипат, үлкен мақтанышпен айтуға болады. Өйткені олардың ғылымға сіңірген еңбегі өлшеусіз, зобалаң жылдарында құрбаны, жазықсыз репрессияға ұшыраған Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин т.б. ақтаңдақтарды қорғау үшін, солардың шығармаларын ақтау үшін шығармашылығына тер төгіп, зерттеу жүргізген бұл ғалымдар Кеңес өкіметінің құрсауынан аман қалып, бізге, 1958 жылға дейін дәріс беріп еді. Шіркін, ғұлама ғалымдардың дәрістері қандай еді!? Мен бір көруді армандаған ұлы Мұқаң – Мұхтар Әуезов екі жыл бойы бізге дәріс оқыды. Ол бізге бауырмалдықпен, әкелік қамқорлықпен қарады. Білім, тәрбие, моральдық қолдау берді. Мен мектепте, педагогикалық училищеде және университетте оқып жүрген кезімде оның суретіне қарап, ұлы Мұхтар Әуезовтің берген білімі мені өмір бойы жетелейтініне әрдайым сенетінмін. Осындай ұлы адамнан оқығанымды, білім алғанымды мақтан тұтамын.

Ал өзім болашақ жарым Теңдік Жауыровпен 1954 жылы жаңажылдық кеште таныстым. Ол университеттің екінші курсында, мен бірінші курсында оқитынбыз. Біз 1957 жылы 1 мамырда, студент кезімізде үйленіп, бас қостық. Елге барып, еңбек етіп, мен ардагер-педагог атансам, Теңдік Жауырұлы «Құрмет белгісі» ордені, «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. Ол – Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Махамбет ауданының құрметті азаматы.

Мен ҚазМУ-да өткен студенттік күндерімді, жарқын жастық шағымды осы күні ерекше сезіммен еске аламын. Жүрегіме өте ыстық. Қара шаңырақ оқу ордасында оқу озаты, белсенді болдық. Білім ордасының «Qazaq universiteti» газеті сол кезде шығып тұрды, қызығып оқитынбыз. Мақала жазып тұратынбыз. Осы басылым арқылы университет ұжымын, білім алушыларды ҚазҰУ-дың мерейлі 90 жылдығымен құттықтап, шығармашылық табыс, бақ-береке тілегім келеді.

**Рахима ӘБІШҚЫЗЫ,**
*ардагер-педагог,*
*«ҚР Халық ағарту ісінің үздігі» белгісінің иегері*

# Шәкірттеріне шабыт сыйлайтын ғалым

**Өмірі мен қызметі білім мен өрлеудің жаңа көкжиегіне жол ашқан көрнекті ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Серік Оспановтың туғанына биыл 85 жыл толып отыр.**



Серік Сәрсенғалиұлы білім мен ғылымға құрметпен қарайтын отбасында дүниеге келген. Оның ғылымға деген құштарлығы ерте жастан, математика мен физиканы ерекше ынтамен оқи бастаған кезде басталды. 1956 жылы орта мектепті үздік бітірген соң, ҚазМУ-дың физика-математикалық факультетінің математика бөліміне оқуға түсті. 1961 жылы университетті тамамдап, Есептік математика кафедрасының Есептік машиналар лабораториясында жұмысқа қалды. Одан кейінгі ғылыми-педагогикалық қызметі ҚазҰУ-мен байланысты болды. 1963-65 жж. КСРО Ғылым академиясының Сібірлік бөлімінде тәжірибе жинақтаудан өтті (Новосибирск қ.). Мұнда экономикалық тапсырмаларды математикалық модельдеуге маманданды.

Оспанов әрқашан жаңалыққа, терең білімге ұмтылды. Оның математика және экономика саласындағы жұмысы шығармашылық пен ғылыми әдістеменің революциялық концепцияларының үлгісі болды. Ғалымның жұмысы дифференциалдық теңдеулер теориясынан бастап, математикадағы экономиканың іргелі принциптеріне дейінгі көптеген тақырыптарды қамтиды.

1972 ж. кандидаттық диссертациясын физика-математика ғылымдары бойынша экономика-математикалық модельдерді қалыптастыру және талдау мәселесі бойынша қорғады. Дискретті құрылымдарды талдау үшін диссертацияға енгізілген иерархиялық жүйе бүгінде байланыс желілері инфрақұрылымының бағалау мәселелерін зерттеуге қолданылуда.

1996 ж. физика-математикалық ғылымдар докторы ғылыми атағын алу үшін «Применение вычислительных средств математического моделирования и математических методов в экономических системах» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

1992-96 жж. С.Оспанов ҚР Экономика министрлігінің Экономика және нарықтық қатынастар ҒЗИ директорының ғылым бойынша орынбасары қызметін атқара жүріп, ҚазМУ-дың доценті қызметін де біріктіре білді.

1996-2011 жылдары Макромикроэкономика кафедрасының профессоры болып жұмыс істеді. С.Оспановтың ғылыми-педагогикалық қызметінің бейіні кафедрада математикалық әдістер мен компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, экономикалық есептерді талдай алатын мамандарды даярлауға бағытталған жаңа «Экономикалық кибернетика» мамандығының ашылуына ықпал етті. 2011/12 оқу жылынан бастап Экономика кафедрасының жетекші профессоры.

Экологиялық және экономикалық процестерді модельдеу мәселесі – С.Оспановтың ғылыми зерттеуінің негізгі тақырыбы.

Халық ағарту саласында С.Оспанов қазақ мектептерінің оқу бағдарламасына информатика негіздерін енгізуге ықпал етудегі жаңашыл бастамаларымен танымал. Мәселен, 1986/87 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерге арналған информатика және есептеуіш техника оқулықтарының жетіспеуіне байланысты ол «Информатикадан он сабақ» атты телелекция топтамасын республикалық теледидардан қазақ тілінде оқыды. Орта мектептерге арналған информатикадан бірнеше оқулықты аударушылардың бірі.

1998 жылы «Информатика және информатика негіздері» оқулығы мектептерді ақпараттандырудың жаңа мемлекеттік стратегиясы аясында «Рауан» баспасынан үлкен тиражбен жарық көрді.

Серік Сәрсенғалиұлы ғылыми қызметімен қатар, жас ғалымдарды тәрбиелеу мен тәлімгерлік етуге әрқашан үлкен мән береді. Шәкірттері оның білім беруге құмарлығын және ғылымдағы жаңа жолды ашуға шабыттандыра білу қабілетін атап өтеді.

Ол көптеген ғылыми еңбектердің авторы ғана емес, сонымен қатар саналы ғұмырын білім беруге, болашақ ғылыми ұрпақты қалыптастыруға арнады.

Оспановтың ғылыми жетекшілігімен үш кандидаттық диссертация және бес PhD докторлығы қорғалған. Ол «ҚазКСР халықтық білім беру үздігі» төсбелгісімен, ғылымда математикалық модельдеу саласындағы жетістіктері үшін Халықаралық Кэмбридж биографиялық орталығының күміс медалімен марапатталған. 2009 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген еңбегі үшін» күміс медалін омырауына тақты, университеттің Ақсақалдар кеңесінің мүшесі.

Профессор Серік Сәрсенғалиұлын 85 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, ғылымға, білімге қосқан зор үлесі және ғалымдардың жаңа буынына шабыт бергені үшін алғыс айтамыз.

**Ғалия ДӘУЛИЕВА,**
*Экономика кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к.*
**Салтанат ҚОНДЫБАЕВА,**
*Экономика кафедрасының аға оқытушысы, PhD*

# Инклюзивті білім беруді дамыту

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқу ордасының 90 жылдығына арналған «Жоғары инклюзивті білім: шетелдік тәжірибе» атты халықаралық ғылыми семинар өтті.**

Жоба ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру» гранттық қаржыландыру шеңберінде іске асырылуда.

Жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымының кандидаты Бекжан Мейірбаев құттықтау сөзбен ашты.

Семинар барысында «Мүмкіндігі шектеулі жандарға жоғары білім беру жүйесі: Жапония тәжірибесі» тақырыбында семинар модераторы, педагогика ғылымының докторы, академик, ҚазҰУ профессоры, ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беру жөніндегі үйлестіру кеңесі төрағасының орынбасары Ақмарал Мағауова баяндама жасады.

Ғылыми семинарда Низами атындағы Ташкент мемлекеттік университеті (Өзбекстан) Педагогика кафедрасының профессоры М.Б.Уразова, РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының Солтүстік-батыс басқару институтының (Ресей) доценті Л.В.Ахмерова және институт меңгерушісі Е.А.Куликова, Максим Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті (Беларусь) Инклюзивті білім беру институтының профессоры Т.В.Лисовская және т.б. ғалым-сарапшылар сөз сөйлеп, инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

**Ләззат МҰХТАР,**
*журналистика факультетінің аға оқытушысы*

№15 (1928) 22.04.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

# Мамандар бәсекелестікке қабілетті болуы тиіс

**Еліміздегі Жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласының мамандық катологтарының өзгертілуі заманауи жоғары оқу орындарына тиісінше бәсекелестікке қабілетті болуды талап етеді. Осы орайда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті бәсекеге қабілеттілігін қалай жетілдіргені абзал? Заңгер мамандығын даярлау бойынша мемлекеттік органдар мен ұйым-мекемелермен тиісінше келісімшарттар жасалып, білім алушылардың алған теориялық білімін практикада шыңдап жетілдірумен қоса, арнайы аудиториялар мен лабораторияларда дайындықтарын жетілдіруде.**

Дегенмен заман ағымынан қалмау үшін және ғылыми-зерттеу университеті мәртебесіне сай даму үшін, біздіңше, гуманитарлық саладағы дипломдық жұмыс пен жоба және магистрлік диссертацияны жазу бойынша қойылатын ішкі ережелерді қайта қарау керек.

Біздіңше, қолданыстағы және ұсынылып отырған магистрлік диссертация жазу бойынша нұсқаулық қазіргі жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандыра алмайды. Магистранттардың жобасы мен диссертациясы қазіргі ғылыми талаптар, сұраныспен бірге жүруі керек. Негізінен, қоғамда ғылыми зерттеулер мен болжаулар, ғылыми жұмыстар тәжірибеге қарағанда оқ бойы алда жүру керек. Ал бізде, керісінше, әлі күнге ескі стандарттан шыға алмай келеміз. Нәтижесінде білім алушыларымыз не ғылыми жобаларға қатыса алмайды, не ғылыми жұмыстар жаза алмай отырғаны шындық. Сондықтан біздің ұсынысымыз ескерілетін болса, онда зерттеу университетінің талабы мен жұмыс берушілердің сұранысын қанағаттандыра алатындай ғылыми жасампаз мамандарды даярлап шығаруда өзінің көмегін тигізетініне сеніміміз мол.

Біздің ұсынысымыз бойынша, біріншіден, «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі (бұдан әрі – «ҰМҒТСО» АҚ ААЖ) интернет-ресурсында орналастырған «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурс» жобаларындағы талаптарды зерттеу университеттерінің білім алушыларына енгізу. Магистрлік диссертация орнына «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурс» жобаларындағы талаптарды енгізу арқылы магистрлік диссертацияны жазып қорғауды енгізсек нұр үстіне нұр болар еді. Осы аталған норманы университеттің ішкі ережесіне енгізер болсақ, магистранттар мен оның ғылыми жетекшілері мемлекеттің жүргізіп отырған ғылым жөнінде саясаттан оның қандай бағытта сұранысы бар екенінен хабардар болып қана коймай, сонымен қатар жас магистранттарды болашақ ғылыми жобаларды даярлау мен оған қатысуға көптеп тартуға да негіз болар еді. Өйткені ол гуманитарлық салада, оның ішінде заңгерлерге өте қажет-ақ. Екіншіден, практикалық, коммерциялландыру тұрғысынан қарастырсақ, аса қажеттігі жоқ 80-100 беттік бітіру жұмыстарын, диссертацияны жазғанша, қоғамға қажетті әрі болашақта осы тақырып бойынша мемлекеттің сұраныс бойынша өз пікірін ғылыми магистрлік зерттеу аясында қорғауға мүмкіндіктері бар. Осы арқылы университетіміздің қаржылық деңгейін, эндаумент қорының жұмысын да ұйымдастыруды қайта пысықтауды қажет етеді.

Higher Education журналына бір жоба жазып шығару арқылы магистрлік диссертацияны қорғау жайында да айтқым келеді. Journal of Higher Education ғылыми журналы Scopus мәліметтер базасына енгізілген. Аталған журнал негізінен педагогикалық бағытта болғанымен, оның ішінде мамандырылған арнайы бағыттар да өте көп. Higher Education журналдары әлемде көп таралған, сондықтан магистрант кез келгенін таңдауға құқылы, сол өз таңдауы арқылы магистрлік тақырыбы аясында екі жыл ішінде бір мақала жариялап, сол ғылыми мақала негізінде өзінің диссертациялық зерттеу тақырыбын қорғауы болмақ. Бұл дамыған елдердің бәріне тән оң тәжірибе. Көп елдерде осы тәсіл докторанттарға да диссертация орнына қолданылады. Онда журналдың ғылыми процентілі ғана жоғары болды. Біздіңше, бұл біздің ғылыми-зерттеу университеті атына тамаша мүмкіндік. Ғылыми жарияланымдарды да осы арқылы көтеруге болады. Бұл магистранттардың нағыз ғылыми мақала жазуы мен ғылыми жоба даярлауда дағдылары қалыптасып, болашақта университетке ғана емес, ел ғылымының дамуына негіз болады деп ойлаймыз.

Баламалық ұстанымдар зерттеу университетінің бітіру жұмыстары бойынша ішкі ережеде тиісінше икемділік қарастырылмаған. Ал біздің ұсынып отырған өзгертулерде баламалы тәсілдер арқылы түлектердің ғылыми зерттеу алғышарты іспетті ғылыми ресми мақалаларды шығарып, сол бойынша бітіруші жұмыстарын қорғауды қарастыру керек.

Үлгерімі GIP-і 3,00-ден төмен магистранттарға /ҒПБ/ және бір жылдық профилді /ПБ/ бағыттар мен негізгі мамандығынан бөлек, басқа мамандықты бітіріп келген бакалавриат студентттері заңгерлік магистратураға түскен болса, онда оларға Higher Education журналдарында бір мақала немесе РИНЦ журналдарында екі мақала шығарып, соның негізінде диссертациясын қорғауды ұсынамыз.

Жалпы, ұсынылған «Магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау және қорғау бойынша әдістемелік нұсқаулар» жобасы техникалық мамандықтарға арналып жасалғаны көрініп тұр. Сондықтан да гуманитарлық саланың ерекшеліктерін ескере отырып, аталған талаптарды толық қайта қарап шығу керек.

**Нұрмұхамед МЫРЗАТАЕВ,**
*PhD докторы, Азаматтық құқық және іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары*

**«Көсемсөз» деген терминді қазаққа ағартушы ғалым, Алаш ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы алып келді. Яғни қайраткер тұлға әлемде, журналистикада танымал публицистика терминін осылай қазақыландырды. Мәселен, жанр туралы анықтамалықта да «Көсемсөз – публицистика (лат. publicus – қоғамдық) – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы» деп көрсетілген.**

# Көсемсөз күші



Газет-журналдардың алғашқы, көрнекі беттерінен орын алатын бас мақалалар да публицистика. Яғни қоғамның басты мәселелерін қозғайтын ерекше жанр. Осы жанрды толық меңгерген журналистерді публицист, қазақша көсемсөзші дейді. «Публицистика» сөзі бізге латынның publich деген сөзінен енген. Бұл – латынның «қоғамдық» деген сөзінен шыққан, яғни өмірдің әлеуметтік, өндірістік, ғылыми, мәдени және басқа құбылыстарын, өмір деректерін негіз ететін әдеби жанр. Публицистика белгілі бір күннің, сол дәуірдің бет-бейнесін, саясатын, философиялық көзқарасын жан-жақты ашып береді.

Біздің елде бұл жанрдың өмірге келуіне, жарқырай көрінуіне Алаш арыстары себеп болды. Тура сол кезеңде қазақтың алғашқы басылымдары жарық көре бастады. Сол газет-журналдардың бәрінің алғашқы беті ұлт жанашырларының бас мақаласымен ашылатын. Мәселен, 1918 жылы Семейден шығып тұрған «Абай» журналында жарық көрген Жүсіпбек Аймауытовтың «Ұлтты сүю» атты бас мақаласын нағыз публицистика деп білемін. Мысалы, «Ақтығында айтпағым: оқығандар өзін-өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұңмұқтажымен таныс болып, өзі ұлтын сүюге, халыққа өзін сүйгізуге жиһат қылуы керек. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды», – дейді. Міне, осы ойдың өзі-ақ қоғамның әлі өзгермегенін, атамыз көтерген мәселенің әлі өзекті екенін көрсетіп отыр. Алаш ардагерінің осы туындысы өз қатарларын ғана емес, өзінен кейінгі талай буынды тәрбиелейтін, оларға жол сілтейтін нұсқаулық болды. Нағыз көсемсөз деп айта аламын.

Мақаладан тағы бір үзінді келтірейін: «Орыс школінің тәрбиесі де оқығандарды ұлтшылдық, кішіпейілдік, таза жүректі қызметкерлікке артық әсер бермейді. Орыс балалары ұлт дегенді көп ескермейді, көбі өзімшіл, мақтаншақ, тәкаппар келеді», – дейді. Мұнда да үлкен ой жатыр. «Көршіңді пір тұта берме, өз жолыңды ізде, ұлттық құндылығыңды жоғалтып алма» деген жанашырлығы анық аңғарылады. Әттең, бұл да әлі күнге өзекті мәселенің бірі. Білігіміз де, көпшілік те орысша сөйлейді. Тіпті орысша ойлайды. Тәуелсіздіктің отыз жылында да осы жағдайдың өзгермегені өкінішті.

Бір сөзбен айтқанда, осының өзі бір көсемсөзге емес, бірнеше көсемсөзге жүк болатындай мәселе. Рас, бұл күнде де публицистика жақсы жазылып жатыр. Бұл жанр қоғаммен бірге жасасып, жаңарып отыратын жанр. Бірақ мен оның бәрін термелемей, Алаш арыстарымен тоқтағанды жөн санадым.

**Нұрсана ҚАНАҒАТҚЫЗЫ,**
*журналистика факультетінің 2-курс студенті*

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде №7 қалалық клиникалық аурухананың білікті дәрігер мамандары студент жастарға семинар өткізді.**

# Салауатты өмір салтына арналған семинар

Онлайн және офлайн форматта өткен семинарға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы Қазақ ҰПУ, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Қорқыт ата университеті, Қыздар педагогикалық университеті және басқа да ЖОО оқытушылары мен білім алушы жастар қатысты. Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының оқытушылары Ешова Жания және Жақсылықова Гүлбану шараны ұйымдастыруға мұрындық болды.

Жастардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған семинар БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының «Жақсы денсаулық және әл-ауқат, гендерлік теңдік» бағыттарын іске асыруға бағытталған.



Семинарда алғаш болып сөз алған ҚазҰУ-дың қауымдастырылған профессоры Гүлбану Жақсылықова: «Денсаулық – әрбір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Денсаулық – толыққанды өмір сүрудің басты шарты әрі кепілі», – деді.

№7 қалалық клиникалық аурухананың нефролог-терапевті, I дәрежелі дәрігер Назым Жұмағұлова: «Ертеңгі күні ел тізгінін ұстайтын біздің жастарымызды қоғамда орын алып жатқан темекі, кальян шегу, насыбай ату және басқа да зиянды әрекеттерден арылуға шақырып, оларға спортты жандарына серік етіп, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру – біздің басты мақсатымыз», – деді.

Студенттерге сессия кезіндегі күйзелістен шығу жолдары жайлы А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының медициналық психологі Айгүл Қараманова құнды кеңес берді.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Повышение уровня учебной мотивации студентов

**Внедрение интерактивных форм обучения – одно из важнейших достижений и нововведений учебного процесса. Применение инновационных методов обучения при проведении практических (семинарских) занятий дает учащимся возможность манипулировать предметами и действовать сообща во имя решения проблем, размышлять и обсуждать обнаруженные ими свойства реальности по мере того, как они постигают ее через опыт. Каждая тема дисциплины требует применения отдельного интерактивного метода обучения, их необходимо применять продуманно и к месту.**

К примеру, для уголовно-процессуального права РК как научной дисциплины наиболее целесообразной является схема построения по единому принципу – от общего к частному. В соответствии с этим выделены общая и особенная части. В общей части дается характеристика задач, предмета, содержания и системы уголовного процесса. Здесь при проведении семинарских занятий можно использовать следующие интерактивные методы: изучение казусов – способ обучения, ориентированный на исследование. Изучение казусов может иметь разную форму: юридические случаи, основанные на письменных заключениях судов, гипотетические ситуации, содержащие конфликты и дилеммы, ситуации и имевшие место в жизни, взятые из газет, журналов, книг и других источников.

При рассмотрении тем особенной части дисциплины можно использовать такие интерактивные методы обучения, как обучающие игры (ролевые игры, имитации, деловые игры и образовательные игры). Например, по теме «Следственные действия», дать возможность студентам самим выбрать фабулу уголовного дела и проводить следственные действия по этому делу, такие как допрос, очная ставка, назначение экспертизы и т.д. Это «уголовное дело» в дальнейшем будет рассмотрено студентами в «главном судебном разбирательстве» (ГСР), где во второй части ГСР – судебном следствии, судья будет исследовать ранее собранные доказательства.

Так, 29 февраля 2024 года в рамках реализации ЦУР №4 «Качественное образование» и в ознаменование 90-летия КазНУ имени Аль-Фараби, кафедра уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Юридического факультета провела II студенческий кинофестиваль короткометражных фильмов «Dura



lex, sed lex». Цель мероприятия: повышение качества подготовки специалистов в области уголовно-процессуального права.

Торжественная церемония награждения кинопремии «Золотой филин» состоялась в 4 зале Юридического факультета. На конкурс было представлено 7 короткометражных фильмов. Видеоролики оценивались с точки зрения наглядности производства задержания подозреваемого, следственного действия, соответствия требованиям уголовно-процессуального законодательства, качества видеосъемки и монтажа, а также творческого подхода к выполнению задания.

Жюри конкурса осуществило оценку представленных работ и подвело итоги конкурса. По итогам конкурса определены победители в следующих номинациях:

- «Лучшая реализация досудебного производства» – 302 группа;
- «Лучшая режиссура» – группа 306;
- «Лучшая женская роль» – Нурлыбек Аружан, студ. группы 302;
- «Лучшая мужская роль» – Капашов Алихан, студ. группы 301;
- «Лучший сценарий» – 304 группа;
- «Лучшая операторская работа» – 303 группа;
- «Лучший монтаж» – 303 группа;
- «Лучшая музыка к фильму» – 310 группа ПД
- «Лучший художник-постановщик» – 304 группа.

Приз зрительских симпатий присуждался по результатам голосования в Инстаграм, независимо от оценок жюри. В данной номинации победила 301 группа, собравшая в течение часа 11 000 просмотров.

**I место:** «Золотой Филин – 2024» достался 305 группе.

**II место:** Гран-при – 302 группа.

**III место:** Приз жюри – 301 группа.

Участники конкурса поблагодарили организаторов конкурса и отметили, что такие мероприятия способствуют повышению мотивации к изучению науки уголовного процесса, глубокому усвоению учебного материала дисциплины и совершенствованию навыков работы в команде, общения с участниками процесса, включая процессуальное руководство при производстве следственных и судебных действий.

**Гульжан МУХАМАДИЕВА,**
*к.ю.н., доцент кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета*

# Бизнес-технологии в контексте УР: вопросы теории и практики

**Парадигма устойчивого развития включает в себя переход от модели потребления и производства, основанной на расходовании ресурсов и экологическом разрушении, к модели, ориентированной на устойчивость, эффективное использование ресурсов и сохранение окружающей среды. Это также означает внимание к социальной справедливости, обеспечению всех членов общества равными возможностями и доступом к ресурсам.**

Недавно завершившаяся II международная научно-практическая конференция «Парадигма устойчивого экономического развития в условиях глобальных перемен: вызовы, последствия, возможности», посвященная 75-летию Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ имени Аль-Фараби оказалась не только ярким событием в научной жизни университета, но источником важных знаний, идей и вдохновения для всех ее участников. Участники конференции представили широкий спектр исследований и новаторских идей в различных областях, высказали свои взгляды и предложили конструктивные идеи по повышению эффективности процессов и улучшению результатов в секторах экономики.

Участие зарубежных ученых и исследователей на конференции привнесло новые перспективы, знания и опыт в общий диалог. Это была не только возможность для обмена научными результатами, но и шанс для установления международных связей и сотрудничества. Вот лишь несколько примеров зарубежных гостей и участников конференции:



Участие профессора Антонио Маффея (Королевский институт технологии Стокгольм, Швеция) в нашей конференции оказалось очень ценным и вдохновляющим для всех присутствующих. Его знания и опыт в области устойчивого развития помогли обогатить дискуссии и стимулировать новые идеи для дальнейших исследований и действий.

А также, участие доктора естественных и технических наук Института транспорта и телекоммуникаций Латвии Толуева Юрия Ивановича (научный сотрудник Института организации и автоматизации промышленного производства им. Фраунгофера (Германия) заслуживает особого внимания. На конференции доктор Толуев представил доклад на тему: «Универсальная цифровая модель материального потока в транспортном коридоре». Его презентация вызвала большой интерес участников и стимулировала дальнейшие обсуждения и исследования в этой области.

Кроме того, конференция предоставила отличную площадку для установления новых контактов и создания основы для будущего сотрудничества с бизнес-структурами. Так, почетным гостем пленарного заседания был докторант кафедры «Бизнес-технологии» Мадияр Султанбек – директор филиала АО НК «Қазақстан темір жолы» –Многофункциональный центр обслуживания.

В первой секции «Трансформация бизнес-технологии в контексте устойчивого развития: возможности и перспективы» с докладами выступила Абен Асел – ведущий эксперт Казахстанского института стратегических исследований, чья работа посвящена анализу влияния изменения климата на устойчивость экономики Казахстана. Исследование и аналитические выводы имеют важное значение для разработки стратегий по адаптации к климатическим изменениям и обеспечению устойчивого развития страны.

Следующим докладчиком был Серикбекулы Асхат – основатель компаний EZ FACTOR & EZapp Logistic Technologies. Его работа в области логистики и технологий привлекает внимание своим инновационным подходом к управлению цепочками поставок и оптимизации логистических процессов. Участие Серикбекулы Асхата в конференции призвано поделиться его опытом и экспертизой с другими участниками, а также стимулировать обсуждения о новаторских подходах к управлению цепочками поставок в сфере продовольствия.

Результаты конференции стали отправной точкой для разработки новых стратегий и планов на будущее. Участники ушли с конференции с новыми знаниями, вдохновением и мотивацией для дальнейшей работы над решением актуальных проблем и достижения важных целей, что соответствуют поставленным задачам в послании Президента РК Токаева К.К. народу Казахстана. В целом, II международная научно-практическая конференция оказалась не только успешной, но и вдохновляющей для всех ее участников.

**Зауреш АХМЕТОВА,**
*к.э.н., и.о. профессор*
**Рысты САРТОВА,**
*к.э.н., доцент ВШЭБ*

№15 (1928) 22.04.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

# Память о настоящем педагоге

**Год назад кафедра общей и прикладной психологии КазНУ им. Аль-Фараби понесла большую невосполнимую утрату. На 63-м году жизни ушла из жизни ветеран и патриот кафедры, самая жизнерадостная, всеми любимая Файзуллина Аида Камильевна (25.05.1960 – 03.05.2023).**

Выпускница МГПИ им. Ленина 1986 года по специальности «Психология и педагогика». В Казахском Национальном университете Файзуллина А.К. проработала с сентября 1993 года и до последнего дня своей жизни. Общий педагогический стаж составил 45 лет, стаж работы в ВУЗе - 30 лет. Аида Камильевна читала базовые курсы: «Психология развития», «Основы психологического консультирования», «Психология маркетинга и рекламы», «Основы социально-психологического тренинга», «Психология ЧС», «Психология» по программе «Рухани жаңғыру» для непсихологических специальностей и многие другие.

На протяжении почти 30 лет Аида Камильевна была бессменным руководителем педагогической и производственной практики на отделении психологии; была разработчиком образовательной программы «Психологическая помощь в кризисных и чрезвычайных ситуациях»; соавтором типовой программы «Психология управления» для магистратуры, читаемой во всех вузах Казахстана; руководила студенческим психологическим клубом «Инсайт».

Файзуллина А.К. активно осуществляла свою профессиональную деятельность и за пределами университета – в Специализированной юридической ювенальной консультации г. Алматы, поскольку стояла у истоков становления и развития службы ювенальной юстиции в Республике Казахстан. Регулярно организовывала совместно со студентами благотворительные мероприятия для детей в сложной жизненной ситуации.

Была организатором многих психологических декадников, фестивалей с участием казахстанских, российских, прибалтийских психотерапевтов, психологов-практиков, а также зимней психологической школы в КазНУ. На телеканале «Хабар» долгие годы вела проект «Лидер XXI века», ее знали и любили взрослые и дети. Она всегда была на одной волне с молодёжью.

Отличительными чертами характера Аиды Камильевны были активность, оптимизм, трудолюбие, четкость, точность, пунктуальность, аккуратность вплоть до педантичности, дисциплинированность и ответственность, прекрасные организаторские способности, креативность, отличная память на события, фамилии и имена студентов, год выпуска, высокий социальный и эмоциональный интеллект, преданность профессии.



Аида Камильевна всегда была яркой, стильной, позитивной и жизнерадостной, несмотря ни на какие обстоятельства, любила жизнь во всех ее проявлениях. Стойко справлялась со всеми испытаниями, которые выпали на ее долю. Любые проблемы она встречала смело, подавая студентам пример. Очень любила свою работу, студентов, молодежь, своих племянников, которым уделяла время с их рождения.

Постоянно проводила интересные тренинги, капустники, костюмированные представления и балы, Дни психолога для студентов, профориентационную работу среди школьников, организовывала встречи с бывшими выпускниками отделения психологии КазНУ, приглашала известных психологов-практиков, развивала школу волонтеров среди студентов-психологов. А еще, Аида Камильевна была архивариусом, хранителем и летописцем истории кафедры, поскольку сама была частью этой истории на протяжении 30 лет. Каждое утро жизнь в чате кафедры начиналось с сообщения Аиды Камильевны об экзотическом празднике в какой-нибудь африканской стране или знаменательной дате в РК. Она знала каждый праздник, дни рождения всех преподавателей кафедры, каждый день старалась сделать особенным.

И в университете ее знали практически все: от администрации и руководства вуза до вспомогательно-технического персонала, поскольку она проводила психологическую диагностику и на ее основе строила свои тренинги, курсы повышения квалификации, осуществляла психологическую помощь сотрудникам.

Долгое время Аида Камильевна была символом отделения психологии. Она могла любить и поддерживать, злиться и переживать, но никогда – быть равнодушной. Инициативный, яркий, светлый и добрый человек, который все время старался сделать жизнь ярче и улучшал мир вокруг себя. Настоящий педагог, прекрасный психолог, человек с большой буквы. Смыслом ее жизни была любовь к людям и профессии.

Нам очень не хватает нашей дорогой и любимой Аиды Камильевны!

Память о ней в сердцах коллег и тысячи студентов.

**Майра КАБАКОВА,**
*профессор*
**Сандугаш КУДАЙБЕРГЕНОВА,**
*и.о. доцента кафедры общей и прикладной психологии*

# Светлая память и благодарность



**25 апреля 2024 года на юридическом факультете, Научно-исследовательский центр «Правовая поддержка инновационного развития Казахстана», кафедра гражданского права, гражданского процесса и трудового права КазНУ имени Аль-Фараби проводит ежегодную международная научно-практическую конференцию на тему «Национальные и международные аспекты защиты прав детей», посвященная выдающемуся юристу, доктору юридических наук, Амирхановой (Романкова) Ирине Викторовне.**

Это мероприятие призвано отметить ее значительный научный вклад в области гражданского и предпринимательского права, а также оценить ее влияние на развитие юридической науки в Республике Казахстан.

С момента начала своей карьеры Амирханова (Романкова) Ирина Викторовна проявила выдающийся научный потенциал и стремление к поиску новых решений в области предпринимательского права. Ее диссертации и монографии стали основополагающим вкладом в изучение правового регулирования предпринимательства в Казахстане. В 2005 году, после успешной защиты докторской диссертации, Амирханова Ирина Викторовна начала активное научное исследование, глубоко погружаясь в проблемные аспекты гражданско-правового обеспечения интересов предпринимателей.

Вся трудовая деятельность Ирины Викторовны практически связана с Казахским национальным университетом имени Аль-Фараби. Начинала свой путь как стажер-исследователь, а затем доросла до заведующей кафедрой гражданского и предпринимательского права с 2000-2004 гг. Ее профессионализм, знания и педагогический талант делают ее авторитетным наставником для студентов, магистрантов, аспирантов и коллег. Ее научный вклад является образцом глубокого анализа правовых аспектов развития предпринимательства в стране и до сих пор является фундаментом в сфере гражданского права, служа прочной основой для дальнейших исследований и формирования законодательной практики в данной области. Более 50 научных публикаций свидетельствуют о ее активной научной деятельности и важности ее вклада в область юриспруденции. Научное наставничество Амирхановой И.В. и профессионализм способствовали выпуску кандидатов юридических наук, а ученики продолжают ее научное наследие, активно развивая и расширяя изучение правовых аспектов предпринимательства и гражданского права. Научное наследие доцента Амирхановой Ирины Викторовны останется живым и вдохновляющим, пока продолжают жить ее ученики.

**Сауле СУЛЕЙМЕНОВА,**
*д.ю.н., проф. заведующая кафедрой гражданского права и гражданского процесса, трудового права*
**Гулнур ХУДАЙБЕРДИНА,**
*ст. преподаватель*

# Первые шаги в науке под мудрым руководством

**Стремление к знаниям и научному исследованию является ключом к развитию современного общества.**

Недавно студенты кафедры математического и компьютерного моделирования КазНУ имени Аль-Фараби под руководством своих научных руководителей из Национальной Инженерной Академии РК доказали свой потенциал, принимая активное участие в Международной Научной Конференции Студентов и Молодых Ученых «Фараби Әлемі». Их участие в конференции не только подчеркнуло их талант и амбициозность, но и принесло заслуженное признание в виде призовых мест.

Международная Научная Конференция «Фараби Әлемі» предоставляет студентам и молодым ученым площадку для обмена идеями, презентации своих исследований и установления научных контактов. Участие в подобных мероприятиях способствует расширению профессионального круго-



зора и развитию научных навыков. Студенты кафедры математического и компьютерного моделирования КазНУ выступили на конференции с рядом научных работ, охватывающих широкий спектр математических и компьютерных аспектов. Их исследования были отмечены жюри конференции как интересные и актуальные, что привело к заслуженному признанию.

Особое внимание стоит уделить студентам, занявшим призовые места и удостоенным почетных грамот. Их научное мастерство и творческий подход к решению проблем выделяют их среди множества участников конференции. Это достижение не только подтверждает высокий уровень образования в КазНУ и профессионализм научных руководителей из НИА РК, но и служит вдохновением для других студентов.

Участие студентов кафедры математического и компьютерного моделирования КазНУ имени Аль-Фараби в Международной Научной Конференции «Фараби Әлемі» подчеркивает значимость научного сотрудничества и интеллектуального развития молодежи. Мы гордимся успехами наших студентов и выражаем благодарность научным руководителям из Национальной Инженерной Академии РК за их терпеливое руководство и поддержку. Это партнерство является важным фактором в обеспечении высокого уровня научного образования и исследовательской деятельности в республике.

**Роза САБИРОВА**
*преподаватель кафедры математического и компьютерного моделирования*

**Мәреге қара үзіп жететін, қамшы салдырмас тұлпар құсаған спортшы жастарымыз университетімізде жетерлік. Олар да бәйге десе тыпыршып, тепсініп тұратын сүлікқарадай халықаралық, республикалық додаларда топ жарып келеді. Университет ұжымы тақымын қысып, қашанда оларға тілеулес болып отырады. Жас спортшыларымыздың кейінгі жылдары жеткен жетістіктерін оқырман назарына ұсынбақпыз.**

# Мерейімізді тасытқан студент-спортшылар

## Дзюдо, самбо чемпионы

Бауыржан Мұратбайұлы 1998 жылы желтоқсан айының 15-інде дүниеге келген. Медицина және денсаулық сақтау факультетінің 3-курс студенті. Дзюдо күресінен ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионы. Азия және Еуропа кубогының иегері. Әлем чемпионатының қола жүлдегері. Сонымен қатар Азия чемпионы атанған. Самбо күресінен жастар арасында Қазақстан Республикасы чемпионатының екі мәрте күміс медаль иегері. Самбодан 23 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының чемпионы. Халықаралық және республикалық турнирлердің жеңімпазы атанды.



Бауыржан Бейнеу ауданы Абай атындағы орта мектепте, одан кейін Алматы қаласындағы К.Ахметов атындағы олимпиада резервінің мамандандырылған республикалық колледжінде білім алған.

– Отбасымызда алты адамбыз: әкем, анам, мен, інім және екі қарындасым. Менің спортқа келуіме зор үлесін қосқан отбасым. Олардың қолдап, қолпаштауы жігерімді жани түседі. Спортпен он жасымнан бері айналысып келемін. Дзюдо және самбо күресінен спорт шеберімін. Қазіргі таңда бапкерлерім – Манарбек Бисекенов, Талғат Есекенов және Сергей Волобуев. Осы кісілер тұғырдан көрінуіме бірден-бір мұрындық болған жандар, – дейді спорт шебері.

## Жігерлі Әбиба

Заң факультетінің 2-курс студенті Әбиба Әбужақынова Португалияның Одивелаш қаласында өткен әлемдік гран-при сериясының халықаралық турнирінде қола медаль иегері атанған. Ол дзюдодан осындай беделді турнирде жеңіске жеткен алғашқы қазақстандық болды. Казақстан чемпионатының екі дүркін жеңімпазы. 2021 және 2022 жылдардағы Азия чемпионаттарының күміс жүлдегері. Ташкентте өткен 2022 жылғы әлем чемпионатында қола медаль иегері. Күні кеше Антальядағы Grand Slam турнирінің қола жүлдегері атанды. Ұлттық олимпиадалық



комитеттің мәліметінше, 48 келіде сынға түсетін Әбиба қола медаль үшін күресте ресейлік Сабина Гилязованың жауырынын жерге тигізген. Осылайша Әбиба биыл өзі қатысқан жарыстардың бәрінен жүлде алып келеді.



## Еркін күрестен алтын медаль иегері

ҚазҰУ-дың Дене шынықтыру және спорт кафедрасының 3-курс студенті Әкежан Айтбеков Алматы облысының Кербұлақ ауданы Шоқан ауылында 2001 жылы 7 шілдеде дүниеге келген. Шоқан ауылында орта мектепті оқып бастап, кейін К.Ахметов атындағы республикалық колледжде білімін жалғастырды. Еркін күрестен халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Қазақстан чемпионатының 1-орын иегері. 96 келі салмақта қарсыластарынан басым түсіп, 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында жеңімпаз атанған. Қазақстанда тұңғыш рет жылдың ең үздік, ең таңдаулы студент-спортшыларын марапаттау мақсатында ұйымдастырылған «Сұңқар – 2023. Студенттік спорттың жұлдыздары» республикалық байқауында «Үздік студент-спортшы» марапатына ие болған. ІІ Түркі универсиадасында еркін күрестен алтын медаль иегері.

## Жүзуден бірнеше дүркін жеңімпаз



Нұрдәулет Жұмағали Жамбыл облысы Тараз қаласында 1999 жылдың 28 қаңтарында дүниеге келген. ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультетінің 4-курс студенті. Жүзуден Қазақстанның бірнеше дүркін жеңімпазы. Токио паралимпиадасының қола жүлдегері. Әлем чемпионатының күміс жүлдегері. Азия ойындарының екі дүркін жеңімпазы. ҚР «Құрмет» орденінің иегері. Жамбыл облысының «Еңбек ерені» төсбелгісінің иегері.

– Қазақ ұлттық университеті қашанда қолдап, қолпаштап жатады. Жаттықтырушым Қуат Орынбекұлы әр жарысымнан кейін университет студенттерімен бірге күтіп алу шарасын ұйымдастырып, мерейімді өсіреді. Университет ұжымының қолдауынан кейін жеңіске деген талпынысым арта түспек, – дейді спортшы.



## Үш дүркін чемпион

Бекарыс Сәдуақас – медицина және денсаулық сақтау факультетінің 3-курс студенті. Дзюдо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері. XXXI дүниежүзілік жазғы универсиадасының қола жүлдегері, Қазақстанның екі дүркін, Азия кубогының үш дүркін чемпионы. Халықаралық турнирдің жеңімпазы. ІІІ жасөспірімдер арасындағы жазғы олимпиада ойындарында бас бәйгені қанжығасына байлаған.

## Спорт шеберлері арасындағы самбо күресі





Қазақстандық спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының күнтізбе жоспарына сәйкес, Түркістан қаласында ҚР спорт шебері Е.Тәңірбергеновті еске алуға арналған самбо күресінен спорт шеберлері арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Бұл жарысқа еліміздің барлық облысынан, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 300-ден аса ардагер спортшылар қатысты. Жарыс жеті жас ерекшеліктері: М-1, М-2, М-3, М-4, М-5, М-6, М-7 және алты салмақ: 64, 71, 79, 88, 98 келі дәрежелері бойынша өткізілді. Жарысқа қатысушы балуандар дайындықтарын жоғары дәрежеде дәлелдеген. Олардың арасында Азияның, әлемнің және де басқа халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болды.

Айтулы жарысқа Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Спорт клубының аға оқытушылары қатысты: М-4 жас ерекшелігі бойынша 88 келі салмақта Біржан Бақаев қола жүлдегер атанса, М-5 жас ерекшелігі бойынша 88 келі салмақ дәрежесінде Нұрғалым Теміров чемпион атанды. Оқытушылар жарысқа дайындықтарын университет спорт кешенінің күрес залында өткізді. Осы орайда, аға оқытушы Нұрғалым Теміров өз ойын ортаға салды.

– Жарыста М-7 жас ерекшелігі бойынша, жастары 70-тен асқан қариялардың күресі өте қатты әсер қалдырады. Боз кілемде жас жігіттерше күрес өнерін көрсетіп жүрген аталарымыз қандай бақытты десеңші. Іштей Алла тіл-көзден сақтасын, арамызда аман-есен осылай күресіп жүре берсін деп тілеймін. Олар аталар – бізге үлгі, ал біз – өсіп келе жатқан жастарға үлгі боламыз деп ойлаймын. Университетте спорт жақсы жолға қойылған, заманауи құрал-жабдықтармен де қамтамасыз етілген. Университет басшылығы да жаттықтырушылар мен спортшыларды әрдайым қолдайды, – дейді жаттықтырушы.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері ағымдағы жылдың мамыр айында Ақтау қаласында болатын Азия және Океания елдерінің чемпионатына, қарашада Тәжікстанның Душанбе қаласында болатын әлем чемпионаттарына қатысуға лицензия алды. ҚазҰУ ұжымы спорт шеберлерінің алдағы чемпионаттарда жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектес!

**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

## Балуан қыз



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Мәдина Жеңісқызы Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен жарыстың жеңімпазы атанды. Қыздар арасындағы күрестен еңбек және спорт ардагері Корчубек Изабековті еске алу халықаралық турнирінде 55 келі салмақта 1-орынды иеленді. Сонымен қатар Алматыда өткен қыздар арасындағы күрестен Қазақстан чемпионатында 2-орын иегері атанды.

№15 (1928) 22.04.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

# Әлемді мейірім құтқарады

**ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің «Математикалық және компьютерлік модельдеу» мамандығының оқытушылары 3, 4 курс студенттерімен бірлесе отырып, Әмина қажы Әжібаева басқаратын «Перзент» балалар үйінің тәрбиеленушілерімен кездесу ұйымдастырды.**



Студенттер кішкентай бүлдіршіндерді кинотеатрға апарып, «Кунг-фу Панда 4» мультфильмін үлкен экранда бірге тамашалады. Оларды тәтті жүгері мен сусындармен қуантты. Кішкентай көрермендер сеанс барысында оқиға кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне тамсанып, По және оның достарымен кунг-фу арқылы қалаларын жауыздардан қорғауға аттанғандай күйде болды. Шытырман оқиғаға толы бұл мультфильм балаларға үлкен әсер қалдырды.

Сеанстан кейін балаларды арнайы жайылған дастарқан басына жинап, студенттер түрлі тақырыпта әңгіме айтып берді. Олар өздерінің білім алып жүрген оқу орны, ондағы мамандық түрлері, студенттік өмірдің қызықтарымен бөлісті. Балалардың болашақта қандай маман иесі болғысы келетіндері туралы сұрады. Кішкентай бүлдіршіндер үлкен аға-әпкелеріне жарыса жауап беріп, өз арманымен бөлісіп жатты. Бұл шара үлкендер кішілерге қамқорлығын көрсеткен, балалар аға-әпкелеріне еркелеп, мейірім мен жылылықты сезінген ұрпақтар сабақтастығының әдемі көрінісі болды.

Осындай студенттер мен балалар үйінің тәрбиеленушілері арасындағы жылы кездесулер алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенеміз.

**Алтын БАЙТЕЛИЕВА,**
**Мағира ҚҰЛБАЙ,**
*МКМ кафедрасының аға оқытушылары*

# Қолдауды сезіну күш береді

**Еліміз жер көлемі бойынша дүниежүзіндегі тоғызыншы мемлекет бола отырып, сан алуан географиялық және климаттық жағдайларға байланысты су тасқынының түрлерін, соның ішінде өзен, қарғын су тасқынын және мұз кептелісін бастан кешіреді. Су тасқыны зардап шеккен аудандардың инфрақұрылымына, ауыл шаруашылығына, экономикасына және жалпы әл-ауқатына үлкен залал алып келеді.**





Биыл Қазақстанның су басқан 10 облысында төтенше жағдай жарияланды. Зардап шеккен аймақтар туралы БАҚ арқылы күнделікті жаңалықты жібермей, ақпарат алып отырмыз. Ауыл-аймағымыздың судың астында қалуы өте өкінішті.

Дегенмен су басқан аймақтардан зардап шеккен тұрғындарды эвакуациялау жұмыстары және басқа да беріліп жатқан көмек көңіл қуантады. Апаттық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, жергілікті атқарушы органдардың, ІІМ, еріктілердің және жергілікті тұрғындардың, әскери күштердің көмегімен күндіз-түні қарбалас жұмыстар атқарылуда.

Су тасқынының алдын алу үшін мұз жару, ұсақтау процестері де жалғасуда. Су шайған автожол, көпірлер бақылауда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік, киім-кешек және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етумен айналысуда. Тіпті су тасқыны жағдайы сақталған өңірлердегі оқушылар қашықтан оқуға көшірілді.

Сонымен қатар еріктілерден, басқа мемлекеттерден, еліміздің ірі компанияларынан келіп жатқан көмек өте көп. Сондай көмектердің біріне өзімнің білім алып жатқан қара шаңырағым ҚазҰУ-дың да қосылғаны, біздің осындай қиынқыстау сәттерде бірлігімізді көрсетіп жатқаны алыста жүрген студенттердің де жүректеріне жылулық сыйлауда. Біздің ауылымыз үшін алаңдап жүргенімізді сезетін оқытушыларымыз да үнемі барлығы жақсы болатынын, күшіміз бірлікте екенін ескертіп, әрдайым бізге күш-жігер беріп отырады. Сондықтан да су басқан аймақтарға қолдау білдіруге ниет еткен ҚазҰУ ұжымына сол аймақтағы студенттердің атынан алғысымды білдіремін.

**Гауһар МАКСИМ,**
*«Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 2-курс студенті*

**ҚазҰУ-да Тұрақты даму мақсаттарының «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» жобасы аясында Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұйымдастыруымен ғылыми-танымдық, тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар үнемі өтіп тұрады.**

# Шетелдік студенттер қазақ театрында



«Рухани жаңғыру» апталығының «Біртұтас тәрбие» сағаты барысында топ куратор-эдвайзерлері және тыңдаушылар Ғ.Мүсірепов атындағы балалар және жасөспірімдер театрына «Енелер мен келіндер» қойылымын тамашалауға барды.

Қойылымның тыңдаушыларға берер тәрбиесі мол. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демей ме, дана халқымыз. Адам санасын заман ағымы өзгертсе де, дәстүр мен салттың тозбасы анық. Әкеден ұл озып туса, енеден келін озық болып бұйырса, тектілік тамырына керекті құнар да сол емес пе? Біздің бір түйгеніміз, қойылым арқылы шығармашылық топ отбасы құндылығы, жанұя мүшелерінің бір-біріне деген қарым-қатынасын, ықпалын көрсеткен. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген ұғымды жеткізген сияқты. Екі отбасынан шыққан екі келіннің алған тәрбиесі және сол тәрбиесімен қайын жұртының алдында қандай қарым-қатынаста болды, соны шынайы көрсеткені біздің тыңдаушыларға ұнады. Келіндер арқылы жалпы адамның ізгі қасиеттерін, көркем мінезінің айналасына қалай әсер ететінін, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің артықшылығын жеткізген. Сол қасиеттер келін ғана емес, жалпы, барлық адамның бойынан табылса өзгені де, өзін де бақытты ете алады. Өйткені біртұтас тәрбие дегеніміз отбасылық құндылықтан басталады.

Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрының шығармашылығымен танысу ұлттық бейнеміздің кәусар бұлағы. Театр арқылы біз өткен тарихымызды, мәдениетімізді танитынымызды шетелдік студенттерге дәріптеудің өзі бір ғанибет. Бұл, біріншіден, шетелдік студенттердің тарихи-мәдени білімін көтерудің өзгеше формасы; екіншіден, олардың ой-танымын қалыптастырудың негізі болар бірден-бір игі іс екені анық.

**Гүлнәзира МУЖИГОВА,**
**Сандуғаш НҰРТІЛЕУОВА,**
*ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
**Газетке жазылу индексі: 64787**
Таралымы – 3000
- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.